

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 8 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда № 13190 болып тіркелді

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңының 11-бабы 9) тармақшасына, 24-бабы 1-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 2-тармағының 9-1), 9-4), 9-8), 9-9), 9-10) тармақшаларына сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті (А.Ә. Сарбасов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны жөнінде мәліметтер б е р у д і қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

6) Осы бұйрық оны алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
міндетін атқарушы Е. Біртанов

К Е Л І С І Л Д І
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Қ. Қасымов
2016 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі
Е. Ыдырысов
2016 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
А. Исекешев
2016 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
министрінің міндетін атқарушының
2016 жылғы 8 қаңтардағы
№ 8 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін бұйрықтарының тізбесі

1. «Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі 328-Ө-М бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8599 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 тамыздағы № 259 «Қазақстанская правда» газетінде жарияланған), мынадай өзгерістер енгізілсін:

Этникалық қазақтарды және олардың отбасы мүшелерін оралман мәртебесін алғанға дейін олардың қалауы бойынша уақытша орналастыру орталықтарына алғашқы қоныстандыру қағидасында:

1-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Орталыққа алғашқы қоныстандыру үшін этникалық қазақ осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органға өтініш береді.

Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы орган өтінішті берген күні қ а р а й д ы . » ;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. «Этникалық қазақ пен оның отбасы мүшелері Орталықта оралман мәртебесін алғанға дейін, күнтізбелік 10 күннен көп емес тұрады.».

2. «Оралмандар мәртебесін беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 329-Ө-М бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8624 болып тіркелген, 2013 жылғы 27 тамыздағы № 260 «Казахстанская правда» г а з е т і н д е ж а р и я л а н ғ а н) :

тақырыбына мемлекеттік тілде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оралман мәртебесін беру қағидалары осы тізбеге сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 № 516 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 № 516 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 07.06.2016 № 482 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 № 516 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің және Қазақстан

Республикасы Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрінің өзгерістер

мен толықтырулар енгізілетін

бұйрықтарының тізбесіне

қосымша

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрінің 2013 жылғы 22 шілдедегі
№ 329-Ө-М бұйрығымен бекітілген

Оралман мәртебесін беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Оралман мәртебесін беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленді және оралман мәртебесін беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақтарға, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туылған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балаларына қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген оралман мәртебесін алуға үміткер этникалық қазаққа және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру

3. Оралман мәртебесін беруге өтінішті (бұдан әрі – өтініш) оралман мәртебесін алуға үміткер этникалық қазақ (бұдан әрі – өтініш беруші) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жүзеге асыратын, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған Мемлекеттік корпорация (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы береді.

4. Өтінішке мынадай құжаттар:
1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3x4 сантиметр 2 фотосуреті;

3) нотариат куәландырған аудармасымен өтініш білдіруші үміткердің және онымен

бірге қоныс аударған оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері;

4) үміткердің осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

5) отбасы отағасына, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесіне (бар болса) жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі-ЖСН) берілгені туралы анықтаманың көшірмелері не ЖСН бар екендігін растайтын өзге де құжаттар қоса беріледі.

5. Өтінішті тіркеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралман мәртебесін алуға үміткер адамдарды тіркеу журналында жүзеге асырылады және үміткерге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның тіркелгені туралы жазбаша хабарлама беріледі. Өтінішті тіркеу үміткер адам мен оның отбасы мүшелері туралы деректер «Оралман» дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – «Оралман» ДҚ ААЖ) енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

6. Үміткердің және оның отбасы мүшелерінің басқа өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелгені анықталған жағдайда, аталған жергілікті атқарушы орган жергілікті атқарушы органның сұрау салуы бойынша үміткердің және оның отбасы мүшелерінің қолда бар құжаттарын тапсырады және «Оралман» ДҚ ААЖ жазбасына тиісті түзетулер енгізеді.

Өтініш тіркелгенге дейін жергілікті атқарушы орган не Мемлекеттік корпорация «Оралман» ДҚ ААЖ арқылы өтініш білдіруші адамның және оның отбасы мүшелерінің деректерін оның (олардың) басқа өңірдің жергілікті атқарушы органында тіркелу мәніне тексереді.

7. Өтінішті «Оралман» ДҚ ААЖ-ға тіркеген сәтте жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқоры (бұдан әрі – «Жеке тұлғалар» МДҚ) арқылы онда (оларда) жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) болу мәніне тексереді.

ЖСН болған жағдайда жаңа ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН пайдаланады.

«Жеке тұлғалар» МДҚ-да ЖСН болмаған кезде, жергілікті атқарушы орган үміткер берген құжаттардың негізінде қолмен енгізу жолымен үміткердің деректерін «Оралман» ДҚ енгізеді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің халықты құжаттау жүйесіне (бұдан әрі – ИМ ХҚЖ) ЖСН генерациялау үшін электрондық сұрау салу жібереді.

8. Өтінішті тіркеу үміткер мен оның отбасы мүшелері 2-тармақтың талаптарына сай болған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 4 және 7-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталғанда ғана жүзеге асырылады.

Өзгеше жағдайларда өтінішті тіркеуден бас тартылады және үміткерге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті хабарлама беріледі.

9. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды және ресімдейді.

Жергілікті атқарушы орган мынадай шешімдер қабылдай алады:

1) үміткер мен оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына өз бетінше келген және жергілікті атқарушы органға жеке немесе Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде оған (оларға) оралман мәртебесін беру;

2) үміткер мен оның отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне жүгінген кезде – Қазақстан Республикасының аумағына келген жағдайда оған (оларға) оралман мәртебесін беру туралы оң шешім шығару (бұл ретте қорытындыда оралман куәлігін алу үшін қайтадан өтініш беру шарттары түсіндіріледі) немесе дәлелді бас тарту.

10. «Оралман» ДҚ ААЖ-дан алынған жеке деректердің негізінде ПМ ХҚЖ ЖСН шынайы уақыт жағдайында генерациялау рәсімін жүзеге асырып, оны «Оралман» ДҚ ААЖ - ға жібереді.

ПМ ХҚЖ-дан ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы органдар ЖСН оралман куәлігіне қалыптастыруды жүзеге асырады.

Деректер өзгерген жағдайда («Оралман» ДҚ қате деректер енгізген кезде немесе мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ПМ ХҚЖ жүргізілген жеке деректерді өзгерту туралы хабарлама жібереді.

3. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері арқылы оралман мәртебесін беру

11. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын этникалық қазақ осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне оралман мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімін алу туралы өтініш береді.

12. Өтінішке мынадай құжаттар:

1) өмірбаян (еркін нысанда);

2) отбасы отағасының, сондай-ақ отбасының әрбір мүшесінің мөлшері 3x4 сантиметр 2 фотосурет;

3) нотариат куәландырған аудармасымен үміткердің және оның отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың (шетелдік паспорттың не азаматтығы жоқ адам куәлігінің, кәмелетке толмаған балалардың туу туралы куәлігінің) көшірмелері;

4) үміткердің осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкестігін белгілейтін құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

13. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері өтініш берушіге осы Қағидаларға 6 қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның оралман мәртебесін беруге

жергілікті атқарушы органның келісімін алу туралы өтінішінің кіріс хат-хабары ретінде тіркелгендігі туралы жазбаша хабарлама береді және өтініш пен құжаттарды Заңның 20-бабына сәйкес шешім қабылдау үшін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

14. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелеріне өтініш берушіге жеткізу үшін жергілікті атқарушы органның оралман мәртебесін беруге келісетіні не бас тарту себептерін уәжді түрде негіздей отырып, одан бас тартуы туралы шешімін жібереді.

15. Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері жергілікті атқарушы органның этникалық қазаққа мәртебе беру келісімін алғаннан кейін бір ай ішінде оны өтініш берушіге жібереді немесе бас тартылғаны жөнінде хабарлайды.

16. Этникалық қазақ және оның отбасы мүшелері тұрғылықты жеріне келгеннен кейін оралман мәртебесін алу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органға немесе Мемлекеттік корпорацияға өтінішпен жүгінеді.

17. Өтінішке:

1) оралман мәртебесін беруге келісім берілгені туралы бұрын шығарылған шешімнің көшірмесі;

2) ішкі істер органдарының уақытша тіркелгені туралы белгісі бар көші-қон карточкаларының көшірмелері қоса беріледі.

18. Өтінішті тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші тапсырған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы кеңейтілген жеке деректерді қоса отырып, ПМ ҚХЖ арқылы өтініш берушінің бастапқы мәліметтерін (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) тексереді.

19. Өтінішті «Оралман» ДҚ ААЖ-ға тіркеген кезде жергілікті атқарушы орган өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің деректерін «Жеке тұлғалар» МДҚ арқылы онда (оларда) ЖСН болу мәніне тексереді.

ЖСН болған жағдайда жаңа ЖСН генерациялау жүзеге асырылмайды, жергілікті атқарушы орган тіркеген кезде қолда бар ЖСН пайдаланады.

«Жеке тұлғалар» МДҚ-да ЖСН болмаған кезде жергілікті атқарушы орган үміткер ұсынған құжаттардың негізінде қолмен енгізу арқылы үміткердің деректерін «Оралман» ДҚ енгізеді және ЖСН генерациялау үшін ПМ ҚХЖға өтінім жібереді.

20. Өтінішті тіркеу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралман мәртебесін алуға үміткерлерді тіркеу журналында жүзеге асырылады және үміткерге осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның тіркелгені туралы жазбаша хабарлама беріледі.

21. Жергілікті атқарушы орган бұрын қабылданған шешімді ескере отырып, оралман мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды және ол жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркеген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

22. «Оралман» ДҚ ААЖ-дан алынған жеке мәліметтердің негізінде ПМ ХҚЖ ЖСН шынайы уақыт жағдайында генерациялау рәсімін жүзеге асырып, оны «Оралман» ДҚ А А Ж - ғ а ж і б е р е д і .

ПМ ХҚЖ-дан ЖСН алғаннан кейін жергілікті атқарушы орган ЖСН оралман куәлігіне қалыптастырады.

Деректер өзгерген жағдайда («Оралман» ДҚ қате деректер енгізген кезде немесе мәліметтер жойылған кезде) жергілікті атқарушы орган ПМ ХҚЖ жүргізілген жеке деректерді өзгерту туралы хабарлама жібереді. Аталған рәсім тек оралман куәлігін бергенге дейін орындалуы мүмкін.

23. Оралман болып танылған өтініш берушіге және оның кәмелетке толған отбасы мүшелеріне осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Оралман куәлігінің берілуін есепке алу журналында тіркелген осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оралман куәлігі беріледі.

Оралманның кәмелет жасына толмаған отбасы мүшелері өтініш берушінің немесе оның жұбайының (зайыбының) куәлігіне осы Қағидалардың 2-тармағының талаптарына сәйкес жазылады.

24. Оралман куәлігі қатаң есептегі құжат болып табылады және оның мәртебесін растау үшін негіз болады.

25. Куәлікті жоғалтқан жағдайда, оралман жоғалтқаны және оның телнұсқасын беру жөнінде еркін нысандағы өтінішпен жергілікті атқарушы органға жүгінеді. Жергілікті атқарушы орган өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұдан бұрын берілген нөмірімен куәліктің телнұсқасын береді, оған «телнұсқа» деген мөртаңба қойылады.

О р а л м а н м ә р т е б е с і н б е р у

қ а ғ и д а л а р ы н а

1-қосымша

Нысан 1

(жергілікті атқарушы органның атауы)
к і м н е н

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(мекенжайында тұратын)

**Оралман мәртебесін беру туралы
ӨТІНІШ**

_____ облысында (республикалық маңызы бар қалада, астанада) тарихи отанымда тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келуіме/келуді жоспарлауыма байланысты маған және менің отбасы мүшелеріме оралман мәртебесін беруіңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын отбасы мүшелері:

1) жұбайы (зайыбы) _____;
2) өтініш берушінің және жұбайының (зайыбының) ата-аналары _____;

3) балалары (оның ішінде асырап алған балалары) және олардың отбасы мүшелері _____;

4) некеде тұрмайтын, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) _____ көрсетіледі;

Өтінішке мынадай құжаттарды:

_____ қоса беремін.

Жергілікті атқарушы орган менің және/немесе менің отбасым мүшелерінің «Оралман» дерекқоры» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне басқа облыс, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарында тіркелуі байқалған жағдайда, менің қолда бар құжаттарымды _____ (аталған өтініш енгізілетін жергілікті атқарушы органның атауы) жіберуді, сондай-ақ, «Оралман» ДҚ ААЖ тиісті жазбаны осы өтінішті беретін орын бойынша жаңартуды қамтамасыз етуді сұраймын.

Осы арқылы оралман мәртебесін беру бойынша қызмет көрсетуге қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

2016 жылғы «__» _____

_____ (өтініш берушінің қолы)

Құжаттарды қабылдаған

_____ (құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

2016 жылғы «__» _____

(құжаттарды қабылдаған адамның қолы)

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
2-қосымша
Нысан 2

Оралман мәртебесін беруге үміткер адамдарды тіркеу журналы

(жергілікті атқарушы орган)

P/c №	Өтінішті тіркеген күн	Үміткердің Т.А.Ә (бар болса)	Үміткер отбасының мүшелері	Туылған күні	Үміткердің тіркелген мекенжайы	Тіркеу туралы хабарлама берілген күн
-------	--------------------------	-------------------------------------	-------------------------------	--------------	--------------------------------------	--

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
3-қосымша
Нысан 3

Оралман мәртебесін беруге өтінішті тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

Осы арқылы этникалық қазақтың _____ (тегі,
аты, әкесінің аты (бар болса) оған және оның отбасы мүшелеріне
оралман мәртебесін беру туралы өтініші _____
(жергілікті атқарушы органның атауы) Оралман мәртебесін беруге
үміткер адамдарды тіркеу журналында _____ (тіркеген күні)
№ _____ тіркелгенін және заңмен белгіленген тәртіппен және
мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Құжаттарды қабылдаған: _____
(жергілікті атқарушы органның құжаттарды қабылдаған жауапты
қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы).
_____ (қолы) / _____ (күні)

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а
4-қосымша
Нысан 4

Оралман мәртебесін беруге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

20 ___ жылғы «___» _____

Үміткерге _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ (себебін көрсету) себебі бойынша оралман мәртебесін беруге өтінішін қабылдаудан бас т а р т ы л д ы .

_____ (жергілікті атқарушы органның жауапты қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы).

_____ (қолы) / _____ (күні)

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

5-қосымша

Нысан 5

Жергілікті атқарушы органның оралман мәртебесін беру туралы

20 ___ жылғы «___» _____ № _____

ШЕШІМІ

_____ (жергілікті атқарушы органның атауы) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес _____ оралман мәртебесін беру туралы

_____ (өтініш берушілердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____ өтінішін қарап,

_____ туралы шешім қабылдады.

Басшысы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ (жергілікті атқарушы органның атауы)

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

6-қосымша

Нысан 6

**Оралман мәртебесін беруге өтінішті кіріс хат-хабары
ретінде тіркеу туралы
ХАБАРЛАМА**

Осы арқылы этникалық қазақтың _____
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) тұрақты тұру үшін Қазақстан
Республикасының аумағына _____ (облысына,
республикалық маңызы бар қалаға және астанаға) келуді жоспарлаған
оған және оның отбасы мүшелеріне оралман мәртебесін беру туралы
өтініші _____ (тіркеген күні) № _____ кіріс хат-хабары ретінде _____
_____ (Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы) тіркелгенін
және заңмен белгіленген тәртіппен және мерзімде қаралатынын хабарлаймыз.

Құжаттарды қабылдаған: _____ (Қазақстан
Республикасының шетелдегі мекемесінің құжаттарды қабылдаған жауапты
қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және лауазымы).

О р а л м а н м ә р т е б е с і н
б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

7-қосымша

Нысан 7

1-бет

**Халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы
органның атауы ОРАЛМАН КУӘЛІГІ КУӘЛІК № _____
УДОСТОВЕРЕНИЕ**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

(Фамилия, имя, отчество при его наличии)

ФОТО

Туған күні ___ айы ___ жылы ___ Жынысы ___
(Дата рождения месяц год) (Пол)

Туған жері (елі) _____
(М е с т о р о ж д е н и я)

Азаматтығы _____
(Гражданство)

Оралман мәртебесі берілген күні 20___ жылғы «__» _____
Дата присвоения статуса оралмана

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) қолы

Подпись _____ руководителя _____ местного _____ исполнительного _____ органа _____ (лица исполняющего обязанность)

ИИН _____

2-бет

Оралманның кәмелет жасқа толмаған отбасы мүшелері
Несовершеннолетние члены семьи оралмана

Т.А.Ә (бар болса) Туған жылы, айы, күні Туыстық қатынасы
Ф.И.О (при его наличии) Дата рождения Родственное отношение

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) қолы

Подпись _____ руководителя _____ местного _____ исполнительного _____ органа _____ (лица исполняющего обязанность)

3-бет

Оралманның кәмелет жасқа толмаған отбасы мүшелерінің ЖСН

ИИН несовершеннолетних членов семьи оралмана

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Фамилия, имя, отчество (при его наличии)

ФОТО _____

Туған жылы, айы,

күні _____

Дата рождения _____

Туыстық қатынасы _____

Родственное отношение _____

ИИН _____

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) қолы

Подпись _____ руководителя _____ местного _____ исполнительного _____ органа _____ (лица исполняющего обязанность)

4-бет

Оралман куәлігінің қолданылу мерзімі 20__ жылдың «__» _____ дейін
Срок действия удостоверения оралмана до «__» _____ 20__ года

Куәлік Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағанға немесе қабылдамаса бір жылға дейін жарамды. Удостоверение имеет силу до даты принятия, или в течение одного года при непринятия гражданства Республики Казахстан.

_____ облысының (қаласының)
Жергілікті атқарушы органның басшысы (міндетін атқарушы адам) __ М.О.
Руководитель местного исполнительного органа (лицо исполняющий обязанность) _____ области (города) __ М.П.

б л а н к н ө м і р і _____

номер бланка

Жергілікті атқарушы орган басшысының (міндетін атқарушы адамның) қолы

_____ (лица исполняющего обязанность)

О р а л м а н м ә р т е б е с і н

б е р у қ а ғ и д а л а р ы н а

8-қосымша

Нысан 8

Оралман куәлігінің берілуін есепке алу журналы

(жергілікті атқарушы орган)

Р/с №	Оралман куәлігінің нөмірі	Оралман куәлігі телнұсқасының нөмірі	Берілген күні	Беруге негіздеме	Оралман куәлігі иесінің Т.А.Ә. (бар болса)	Оралман куәлігіне жазылған отбасы мүшелері	Туылған күні	Өтініш берушінің мекенжайы